

**Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 331 "2020-2022 жылдарға арналған Алға қаласының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 тамыздағы № 399 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 тамызда № 7331 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына және 104, 109-1, 111 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 331 "2020-2022 жылдарға арналған Алға қаласының бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде № 6766 тіркелген, 2020 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта

1) тармақшасында:

кірістер – "837 850,2" сандары "557 436,2" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "1 169 501" сандары "944 506" сандарымен ауыстырылсын;

3) тармақшасында:

таза бюджеттік кредит беру – "0" саны "370 278,5" сандарымен ауыстырылсын;

3 тармақ келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге болып белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.";

6 тармақта

бесінші абзацта:

"289 246" сандары "64 251" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Алға аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алға аудандық  
мәслихат сессиясының төрағасы

Алға аудандық  
мәслихатының хатшысы

*Р. Еркүсимова*

*Б. Жумабаев*

Алға аудандық мәслихатының 2020  
жылғы 10 тамыздағы № 399 шешіміне  
қосымша

Алға аудандық мәслихатының 2020  
жылғы 8 қаңтардағы № 331 шешіміне  
№ 1 қосымша

## 2020 жылға арналған Алға қаласының бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сомасы (мың теңге)
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	557 436,2
1			Салықтық түсімдер	43 127
	01		Табыс салығы	2000
		2	Жеке табыс салығы	2000
	04		Меншікке салынатын салықтар	41 127
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1 809
		3	Жер салығы	2 928
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	36 390

2			Салықтық емес түсімдер	2 695,2
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 730
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 730
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	965,2
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	965,2
4			Трансферттердің түсімдері	511 614
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	511 614
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	511 614

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
1	Кіші функция		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	2	3	Бағдарлама		
			4	Атауы	
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	944 506
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	67 673,9
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	67 673,9
				Аудандық маңызы бар қала	

		124		, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	67 673,9
			001	Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	65 673,9
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2000
04				Білім беру	364 260
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	364 260
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	364 260
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	343 524
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	20 736
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	58 572

	3			Елді мекендерді көркейту	58 572
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	58 572
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	19 000
			009	Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2 000
			011	Елді мекендерді абаттандыру ж ә н е көгалдандыру	37 572
12				Көлік және коммуникация	453 029,5
	1			Автомобиль көлігі	453 029,5
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	453 029,5
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	10 500
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	442 529,5
15				Трансферттер	970,6
	1			Трансферттер	970,6

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	970,6
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	970,6
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	370 278,5
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операция бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				V. Бюджет тапшылығы (профицит)	( - 162 074,8
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	387 069,8
	7			Қарыздар түсімі	370 278,5
		01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	370 278,5
			2	Қарыз алу келісім шарттары	370 278,5
				Қарызды өтеу	0
				Қарызды өтеу	0
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	16 791,3
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	16 791,3
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	16 791,3

		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	16 791,3
--	--	----	-----------------------------------	----------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК